

## Жақсы ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қазандағы № а-7/182 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 25 қазанда № 24876 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспесі жаңа редакцияда - Жақсы ауданы әкімдігінің 04.10.2024 № а-10/165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жақсы ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жақсы ауданы әкімінің орынбасары Р. Рамазановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жақсы ауданы әкімі

А.Кадралина

Жақсы ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 18 қазандағы  
№ а-7/182 қаулысына  
қосымша

## Жақсы ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

**Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 04.04.2023 № а-3/54 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№	Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары	Қызмет саласы	Алатын алаңы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Жақын орналасқан инфрақұрылым
	Жақсы ауылы Тәуелсіздік 22				ұқсас тауарлар ассортименті

1	көшесі, аялдаманың жанында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	15 шаршы метрден 3 орын	5 жыл	сатылатын сауда объектілері жоқ
2	Жақсы ауылы Тәуелсіздік 2 көшесі, мешіт ғимаратының жанында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 шаршы метрден 2 орын	5 жыл	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
3	Жақсы ауылы Тәуелсіздік 29 А көшесі, Ақмола облысы ветеринария басқармасының "Жақсы ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жанында	Азық-түлік / азық-түлік емес тауарлар	5 шаршы метрден 2 орын	5 жыл	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ